



## Ақын Дәүітәлі Стамбеков–70 жаста

\*

Устіміздегі жылдың қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, жерлесіміз Дәүітәлі Стамбеков 70 жасқа толады. Жетпісінши, сексенінші жылдары қазақ поэзиясына жаңа леп, жаңа екпін әкелген, жас толқынның шоқтығы биік, талантты өкілдерінің бірі қам бірегей, жерлесіміз Дәүітәлі Стамбеков болатын. Дәүітәлі олең өлкесіндегі өзіндік өрелі өрнегімен, өзіндік өктем үнімен әдеби ортандың бірден назарын аударып, жыр сүйер қауымның ыстық ықыласына бөлениген ақын. Қамишының сабындағы қысқа ғұмыр кешкен ақын артында мол олмес мұра қалдырып кетті. Д.Стамбековтің «Жұмазым мен тамұғым», «Бір тамашы ғұмыр» атты жинақтары бүгінгі қазақ поэзиясының алтын қорына айналған. Ақын шыгармашилығының негізгі арқауы – адам, қоғам, заман тақырыптары.

Жерлесіміз Дәүітәлі Стамбековтің 70 жылдық мерейжасы қарсаңында ақынның топтама олеңдерін оқырман қауымның назарына ұсынды.

«Тоқырауын тынысы» газеті

\*«Мәдени мұра» бағдарламасы

Дәүітәлі СТАМБЕКОВ

# Айдан түскен ақ сауле аймалапты

Талайлары кетіпти,

Жоғалыпты.

Аузын ашып ел мұны айта алмапты,

Күндіз барып орманға айқайлаты.

Тұн баласы ай туза қорқынышты,

Күндіз болса ештеңе байқамапты.

Қарсы шығып, іске де құдай қылған,

Кегін алу үшін бір жын ойнынан.

Бірде тұнде орманға от қойыпты,

Жесір әйел ерінен тірі айырылған.

Содан бері баса алмай солығын да,

Тобылғылар,

Ұшқаттар торығуда.

Томарлар мен тамырлар шодырайып

Жыра қапты жыныстың орнында.

Ертек дейді,

Ел оны аныз дейді,

Шындықтан күдерін әлі үзбейді.

Ақиқатты аңсаған аталардай,

Аныздан да керемет мән іздейді.

Аныз үшін жаралған

Арман үшін,

Ақтогайдың арудай болғаны шын.

Ел анызын еске алып ертелеі-кеш,

Аралағым келеді орман ішін.

## Ақ бұлт

Желің де жоқ үп еткен,

Алып ұшқан.

Шалғын менен күн шуак

сағынысқан.

Жаздың нағыз сәскесі

Көл шетінде

Бақаларды өнері,

Өні қысқан.

Жаздың небір қызығын сұрамағын,

Шалғын іші қаптаған дуадағын.

Балалығым есіме түсіп кетіп,

Балагымды түріп ап қуаладым.

Еске түсті көп нәрсе кайта оралып,

Қайран күндер қаймағын шайқап

ағып.

Осындаға айғайлап құлағына

Өткен күндер өз сөзін айтады анық.

Содан бері есімде бір ак бұлт,

Бір ак бұлт жанымды сұрақ қылып.

Екі бұрым ак бұлттай орамалын,

Кетіп еді соңына лактырып.

Жүргімді сол еді ала кеткен,

Ойымды да сол еді алаң еткен.

Биік аспан төсінен жайлап келіп,

Сол бір ак бұлт қолыма қонады

еппен.

## Үндестік

Үмтүліс бар,

Жылжу бар,

Жүгіріс бар,

Кедері бар,

Тосқауыл,

Кідіріс бар.

Ештеңе жоқ дегеннің өзінде де,

Айналамыз толған бір құбылыстар.

Өзен,

Ағаш,

Күм,

Шөбің тілдесіп бір.

Жапсарында жартастың ғул де өсіп

түр.

Қызылышпай тұрғаның өзінде де

Айналаның барлығы үндесіп түр.

Нені біздер қыранға тенгере міз,

Жыланыңды бәрінен кем көреміз.

Шаққанынан біз соның өле жаздал,

Дәрі жасап уымен емделеміз.

Иә, иә араның өмірі–бал,

Жыланың да аспанға көнілі зар.

Дән сүйреткен кішкентай

күмірсқаның

Табиғатта пілдей бір орны бар.

Ал, қасқырдың қойларды жағалауы-

Тәттілігін етінің бағалауы.

Өзі солай жасаған жаратылыс:

Қой болмаса,

Қасқыр да жоғалады.

Қырда ауыл,

Малшылар,

Ойда да ауыл,

Қасқыр қуып,

Қой қорыған қайда бауыр!

Сен де соны сезіп қой:

Өмірге емес,

Қасқырларың өмірлік қойға зәру.

Білеміз біз,

Бар шығар білместік те,

Араласып бәрімен бірге өстік те,

Сездік бәрін, барлығы адам үшін,

Дәл осы бір сыйып түр үндестікке.

## Вокзалдар

Тірлігіменен сан қырлы

Бүгінді,

Ертең,

Кешені,

Жердегі бүкіл тағдырды

Вокзалдар бастан кешеді.

Алыстан,

Аңсан,

Қосылып,

Ыстықтап,

Жанып,

Тұншылып,

Кия алмай,

Қинап,

Кешіріп,

Қайнайды ғажап тіршілік.

Бейтаныс пенен таныстан,

Апталап,

Айлап,

Құні-тұн,

Жақыннан мейлі,

Алыстан

Ол өшірмейді үмітін.

Армандағы алыс жолдармен,

Адамдармен қанша мың,

Вокзалдар темір қолдармен

Құшақтап алған жер шарын.



## Түйелер

Үн бар еді,

Сары дала,

Қара құмда,

Мұн бар еді,

Мәдени мұра бағдарламасы

Дәүітәлі СТАМБЕКОВ

Мөп-мөлдір жанарында.

Күн бар еді,

Шыжыған төбесінде,

Күм бар еді,

Сусыған табанында.

Іздеген алыс бол көрінетін,

Мұз денеден моншақ тер төгілетін.

Жаратқанға налитын,

Налитын да

Үнсіз ғана өкситін,